

**Бақытбекова Сабира Бақытбекқызы**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті  
«Құқықтану» мамандығының 3 курс студенті,  
Қызылорда қаласы, Қазақстан Республикасы

E-mail: [s.bakytbek@inbox.ru](mailto:s.bakytbek@inbox.ru) ORCID ID 0000-0001-9153-1680

Ғылыми жетекші: **Жумагулова Шолпан Рустемқызы**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті  
«Құқықтану» кафедрасының аға-оқытушысы, з.ғ.к

E-mail: [jumagulova\\_sholpan@mail.ru](mailto:jumagulova_sholpan@mail.ru) ORCID ID 0000-0002-2033-6260

## ОН АЛТЫ ЖАСҚА ТОЛМАҒАН АДАММЕН ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАС НЕМЕСЕ ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ БАСҚА ДА ӘРЕКЕТТЕРІ

**Bakytbekova Sabira Bakytbekovna**

Kyzylorda State University named after Korkyt Ata  
Speciality «Jurisprudence» student 3rd course  
Kyzylorda city, the Republic of Kazakhstan

E-mail: [s.bakytbek@inbox.ru](mailto:s.bakytbek@inbox.ru) ORCID ID 0000-0001-9153-1680

Scientific director: **Zhumagulova Sholpan Rustemovna**

Kyzylorda State University named after Korkyt Ata

Pulpit «Jurisprudence» senior teacher, Candidate of Law

E-mail: [jumagulova\\_sholpan@mail.ru](mailto:jumagulova_sholpan@mail.ru) ORCID ID 0000-0002-2033-6260

## SEXUAL INTERCOURSE OR OTHER SEXUAL ACTIVITIES WITH A PERSON UNDER THE AGE OF SIXTEEN

***Annotation:** At the present stage, this article is the most pressing issue of sexual integrity of underage adolescents. Sexual maturity is a very difficult period for teenage psyche. At this point, a new feeling, new requests will appear in young people a sense of honor, continues to grow. This will damage the sexual integrity of a stage of life they are dangerous, as well as persons under the legal age of human development and mental development of their personality and soul peace, at the appropriate level will influence negatively on the views of society and human development.*

***Keywords:** sexual inviolability, pedophilia, psychology consequence, castration, the death penalty, adolescent.*

***Аннотация:** Бұл мақала қазіргі кезеңдегі ең актуалды мәселе болып отырған кәмелет жасы толмаған жасөспірімдердің жыныстық тиіспеушілігіне қолсұғушылық мәселелері қарастырылған. Жыныстық қабілеттің жетілу жылдары жасөспірім психикасы үшін өте ауыр кезең. Бұл кезде жастарда жаңа түйсік, жаңа тілектер пайда болады, намыс сезімі өсе түседі. Осындай өмірдің кезеңінде олар жыныстық қол сұғылмаушылығына қауіпті зиян келтіреді, сондай-ақ кәмелет жасына толмаған адамдардың адами және психикалық дамуына, олардың бітім-болмысы мен жан-дүниесінің дамуына, тиісті деңгейде қалыптасуына, қоғамдағы адами көзқарастарына теріс ықпалын тигізеді.*

***Түйін сөздер:** жыныстық тиіспеушілік, педофилия, психикалық зардап, кастрация, өлім жазасы, жасөспірімдер.*

Әлемде қазіргі ең өзекті мәселелердің біріне айналып отырған – бұл жасөспірімдердің, балалардың зорлық – зомбылыққа ұшырауы. Барлық балалар үйінде, мектепте және басқа да қоғамдық мекемелерде күнделікті қатыгездікпен және зорлық – зомбылықпен ұшырасып отырады. Баланың болашақта қандай азамат болуы оның

мектепте, отбасында қоршаған ортада алған тәрбиесіне байланысты. Балалар да, ересектер сияқты сыйлау, қол тигізбеу және адамзаттық абыройын сақтау құқықтарына ие, сондай-ақ Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы мен Азаматтық саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы көзделген заң тарапынан да тең қорғау көрсетілуіне құқылы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «2050 стратегиясында» мемлекеттік заңнамаларды жетілдіру мәселелеріне тоқтала кеткен болатын. Сонымен қатар ол жөнінде Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жыл аралығындағы кезеңге арналған «Құқықтық саясат туралы» тұжырымдамасында да көрсеткен. Бұл заңнамалардың ішінде күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі. Ол туралы елбасы өзінің жолдауында Қылмыстық іс жүргізу заңнамаларына қалыптасқан халықаралық талаптар мен міндеттерді енгізу арқылы азаматтардың бас бостандықтары мен құқықтарын әділетті қорғау болып табылады. Бүгін біз ҚР Қылмыстық Кодексіне тоқталатын болсақ, ол 467 баптан тұрады. Жалпы, Қылмыстық кодекс-қылмысқа қарсы күрестің, адамдардың құқықтары мен бостандықтарының, мемлекет пен қоғамның мүдделерінің қылмыстық-құқықтық қорғаудың жеткілікті пәрменді құралы болып табылатыны жалпыға аян. Біз бүгін қоғамда індетке айналып бара жатқан өзекті мәселелердің бірі кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдерге жасалатын зорлық-зомбылық әрекеттер жайлы айтқымыз келеді. Бұл мәселе Қылмыстық кодекстің 122-бабында ашық көрсетілген [1].

Кәмелет жасы толмағандарға қатысты жасалатын жыныстық әрекеттердің көбісі ата-ананың баласына тиісті деңгейде көңіл бөлмеуінен болып отыр деп айтатын болсақ қателеспейміз. Солардың ішінде қылмыстар балалардың көшеде қараусыз жүруі, мектептен жалғыз келе жатқанды, жеке үйдің ауласында, кездейсоқ таныстық немесе интернет арқылы танысу нәтижесінде орын алады. Интернет арқылы танысу барысына келетін болсақ жасөспірімдердің интимдік сипаттағы мәліметтермен бөлісуді сұрап, қорқыту арқылы интимдік суреттер мен бейнежазба жіберуге азғындырған жағдайлар да аз емес. Ал көптеген жағдайларда қылмыстарды жақын туыстары жасап жатады. Мысалыға айтсақ, өгей әкесі, ағасы секілді сенімді адамдар жасайды. Көптеген жағдайда, ұят болады деп, ол нәрселерді үйден шығармауға тырысып, тергеп-тексеру амалдарын жүргізуден бас тартып, жылы жауып қоюға тырысып жатады. Ата-ана баласының моральдық жағдайын ойлады деп қарағанмен, екінші жағынан қылмыскер үшін тиімді екенін де естен шығарып жатады. Сондықтан, ата-аналыры өз балаларымен сырласу арқылы қалай зорлық – зомбылыққа душар болмау туралы ескертуі және де өздері есте сақтауға тиіс жағдайларды айтар болсақ төмендегідей:

- Көшеде түнгі беймезгіл уақытта қалмауға тырысу, көшеде танымайтын адамдармен әңгімелеспеу және онымен қараңғы жерлерге, адамдар жоқ орындарға бармау.

- Егер тұрмыстық зорлық – зомбылық қауіп төндірсе, үйден кетіп қалуға тырысу, ертерек қашып кетуге дайындау, тиісті заттарымен бірге, көрші – көлемдеріңмен сөйлесу, аяқай – шу шығарылғанда келу және полицияға хабарлау.

- Қауіп-қатерді азайту, балаларды зейінділікке, сақтыққа, қауіпті жағдайлардың алдын алуға үйрету керек, ондай жағдайларды олар дала немесе үйде де кездестіруі мүмкін.

- Үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек;

- Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет;

- Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйрету.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жүзеге асыратын субъектілер: 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі; 2) жергілікті атқарушы органдар; 3) отбасы және гендерлік саясат істері жөніндегі комиссия; 4) кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар; 5) ішкі істер органдары; 6) қамқоршылық және қорғаншылық органдары; 7) білім беру органдары; 8) көмек көрсету ұйымдары; 9) дағдарыс орталықтары болып табылатынын біле жүріңіздер.

Ата-аналардың көпшілігі жыныстық қатынас, жыныстық зорлау тақырыбын балаларымен талқыға салмайды. Әкелер, мұны – әйелдің міндеті ретінде санайды. Әйелдер жыныстық қатынас туралы қалай түсіндіру керектігінде білмейді, әсіресе ұл балалармен. Біз көбіне тілалғыш, дау-жанжал шығармайтын балалар тәрбиелеп өсіреміз. Кішкентай баланы тәтесі, ағасы, барлығы құшақтауы мүмкін, бірақ оған бұл әрекеттің ұнауы немесе ұнамауына ешкім көңіл бөлмейді. Сол сияқты педофил кішкентай балаға тиіскен кезде, ол не болып жатқанын түсінбегендіктен қарсылық көрсетпеуі мүмкін. Сондықтан, зорлық – зомбылық тақырыбында мектептерде тәрбие сағаттары қаралып, ата-аналар үй жағдайында баласының қатеріне сала отырып, балаға зорлық – зомбылық туралы мағлұмат беруі, ол адамның ең жаман қасиеті екенін түсіндіру қажет. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса балаға адамзаттық құқықтары мен бас бостандықтарын қорғауы туралы санасына сіңіріп, тәрбиелеуі аса маңызды іс. Зорлық – зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін, жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу немесе ондай әрекеттерден сақтандыру адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау барлығымыздың міндетіміз. Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін - бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі – заңдылық. Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық – адам бостандығы. Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау – Конституциялық заңдылықтың басты талабы. Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу.

Қызылорда қаласында орналасқан Достар-Мед жеке клиникасының генекологы Әбілғазы Мерей жыныстық өмірді ерте бастау кәмелет жасы толмаған қыздардың ағзасына ауыр зардап тигізуі мүмкін екенін ескертеді. Бірі жүкті болып, түсік жасатып, кейін содан жазылмас бедеу болып қалады, ал екіншісі түрлі ауруларға шалдығып жатады. Медицинада фертильді жастағы, яғни, 15-49 жас аралығындағы әйелдерге бала табу мүмкіндігі бар деп саналады. Бірақ қыз бала 18 жасқа толған соң ағзасы бала тууға толық дайын болып, дені сау ұрпақты дүниеге алып келуіне зор мүмкіндігі болады, - дейді маман [2].

Кәмелет жасы толмағандармен жыныстық қатынас жасау оқиғасы бойынша қозғалған істерді бүкіл Қазақстан бойынша жылына 100-ден аса сот процесі өтеді. Жәбірленуші тарап айыпкердің жаза алғанын қалайды, сонымен бірге қарсы тарапқа кешірім беріп қылмыстық жауапкершіліктен босатылған оқиғалар да кездесіп жатады жәбірленуші қарсы талапқа кешірім беретін жәйттарға қызы осы жағдайдан кейін екіқабат болып отбасын құруды айта аламыз. Ал кешірілмейтін, кешірім берілмейтін жағдай ол педофилдер болып тұр. Себебі, жасөспірімдер емес кіп кішкентай бүлдіршіндерінің өміріне өмір бақиға зорлықтың құрбаны қылып қойып отыр. Мамандардың айтуы бойынша, көбінесе бейкүнә балаларға жыныстық қорлық көрсететін адамдардың көбі – өздері де кішкентай кездерінде зорлыққа ұшырағандар. Кейбір педофилдерде психикалық ауруы бар болып, психикалық ауруханаларда тізімде тұрғандары анықталып, қылмыстық жазадан құтылып кетіп жатады. Бұндай жағдайларда әрине баладан бұрын ата-ана

психикалық стресс алатыны анық. Қазақстанда осы жылдың 1 қаңтарынан бастап педофилдерді химиялық жолмен піштіру туралы заң күшіне енгені белгілі. Алайда әзірге елімізде бірде-бір педофилге қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы қолданылмаған.

Қазақстандықтар арасында жүргізілген сауалнамаға халықтың 52,61% өлім жазасын ұсынса, 26,87% «химиялық әдіспен» жазалауды қолдайтынын айтыпты. Мемлекет екіншісін таңдады. Ол үшін бюджеттен 9 млн 629 мың теңге де бөлінді. Бұл қаржының қомақты бөлігі 1 млн 936 мың теңгесі Қарағанды облысына бөлінген. Ал ең азы 121 мың теңге Атырау облысына тиесілі екен. Химиялық кастрация біздің елден бөлек, Франция мен Ұлыбританияда, Бельгия, Данияда қарастырылған. Францияда химиялық жолмен піштіру әдісі 2005 жылдан бері қолданылады. Шешімді судья мен емдеуші дәрігер арасында делдал функциясын атқаратын психиатр-үйлестіруші қабылдайды. Педофилдерге таңдау беріледі – химиялық кастрацияға келісу немесе психиатриялық аурухана қабырғасында мәңгіге қалу. Ұлыбританияда 2008 жылдан бері жазасын өтеп шыққан педофилдерге қатысты ерікті түрде химиялық кастрация жасау көзделген. Бельгия мен Данияда да сот шешімімен мәжбүрлі химиялық кастрация жасалады. Ал Польшада 2009 жылдан бері фармакологиялық кастрация қолданылады. Оның қажеттігі туралы шешімді сот қабылдайды. Педофилдің құрбаны 15 жастан кіші бала немесе туысқаны болған кезде, бұл процедура міндетті. Ал Чехияда 1978 жылдан бері ерікті түрде хирургиялық кастрация жасалады. Кейбір елдерде педофилдерге өте ауыр жаза беріледі. Мәселен, Қытайда педофилдің баланы зорланғаны дәлелденсе, бірден өлім жазасына кеседі. Сондай-ақ сот шешімімен физикалық кастрация жазасы да белгіленуі мүмкін. Иранда дарға асу немесе ату жазасы арқылы жұрт алдында өлім жазасына кесіледі. Солтүстік Кореяда педофилді өз құрбаны өлтіреді: кінәліге ату жазасы белгіленеді, ал зорланған бала сол ату командасының құрамында болады. Ал Мысырда сотталғандарды жұрт алдында дарға асады. Үндістан үкіметі де биыл 12 жасқа дейінгі қыздарды зорлаған педофилдер үшін өлім жазасын енгізді. Африканың кейбір елдерінде педофилдерді тіпті тірідей жағып жібереді. Ата дініміз Исламда күнәден пәк баланы былай қойғанда, жалпы адам баласына күш көрсетуге тыйым салады. Егер зорлық-зомбылық көрсетілген жағдайда, ол қаныпезерді аяусыз жазалауға да жол береді. Айталық, шарият шарттарымен өмір сүретін Ислам мемлекеттері Иран, Сауд Арабияда педофилдердің қоғам алдында көзін ояды, қолын шабады. Міне, мұны көрген басқа адамдар мұндай айуандыққа көп бармайды [3].

Егер мен қолында билігі бар саясаткер болсам, жоғары да атап өткен елдердің қатаң жазалау жүйесін қолданысқа енгізер едім. Ал біздің бейбітшілік салтанат құрған елімізде мұндай қатал жазалар жоқ. Бұл «Қарны тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» дегеннің кері келіп тұр. Пенделердің мына дүниеге мастанғаны соншалық, өзге бір рахаттың, ләззаттың дәмін татқысы келеді. Ақыр заманның белгілері де осы емес пе. Мен, қылмыстық заңда кәмелет жасы толмағандармен жыныстық қатынас үшін жауапкершілік туралы баптың болғаны өте дұрыс деп ойлаймын. Себебі, ондай оқиғалардан кейін түрлі, тіпті ауыр салдарға әкелуі ықтимал. Сондықтан, кәмелеттік жастағы ересек адам ондай жасқа жетпеген жеткіншекке қатысты өз іс-әрекетіне жауапты екенін, қылмыстық жаза барын толық сезінуі керек деп ойлаймын. Және де бұдан да қатаң заңдар қолданысқа енгізуді жөн көремін. Медициналық түсінікке салып қарайтын болсақ, педофилия – айықпас дерт. Ал моральдық тұрғыдан келгенде азғындық. Оны ауру деп мүсіркеуге де жатпайтын секілді. Соттап, мың жерден тәрбиелегенмен – мұндай жандардың түзелуі екіталай. Сондықтан, балалардың мұндай азғындыққа ұрынбауы үшін алдын алу шараларын жүргізу аса маңызды. Ата-аналар бұл жағдайда қылмыскердің

толық жаза алатындығына сенбегендіктен, жүректерінің төрінде қорқыныш болады және де басқа адамдарға таба болмайын деген мақсатта қылмысты жасырады. Осындай жағдайлар болмас үшін құқық қорғау органдары мен мемлекет халықтың құқықтар мен бостандықтарын қорғау толық өздерінің борышы деп сезіну керек. Балалар құқығын қорғау – егемен еліміздің басты құндылықтарының бірі. Сол үшін өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбие алып, қоғамдағы құқытарының сақталуы жолында аянбай еңбек етуі керек. Балалардың өмір сапасын жақсарту - ертеңгі болашақтың кепілі. Сондықтан да балалардың құқықтарын қорғау мәселесі қашанда өзекті болып қала бермек.

#### ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Infourok.ru сайты бойынша [Электронды ресурс], (ақпарат алған күн: 02.11.2018).  
URL: <https://infourok.ru/zhasspirimder-arasinda-zorlizombiliti-atigezdikti-aldin-alu-sharalari-874583.html>
2. Qamshy.kz сайты бойынша [Электронды ресурс] URL:  
<https://www.qamshy.kz/article/qazaqstanda-qansha-zhinistiq-zorliq-zhasawshi-sotti-boldi.html>
3. Turtystan.kz сайты бойынша [Электронды ресурс] URL:  
<https://turkystan.kz/article/19822-pedofildermen-curesti-cushejtu-cerec>